

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Өткен шақ есімше қызметінде *-увлы, -увьлы* қосымшасы ... тіліне тән.
А) татар
В) башқұрт
С) ноғай
D) қарашай-балқар
E) құмық

2. Дауыссыздардың қабаттасып қолданылуы ... деп аталады.
А) ламдаизм
В) протеза
С) гельмината
D) ротацизм
E) йотация

3. Лексикологияның бір саласы:
А) фонология
В) агглютинация
С) морфонология
D) этимология
E) геминация

4. Түркі халықтарының графикасын ғалым Т.Р.Қордабаев ... кезеңге бөліп қарастырды.
А) үш
В) тоғыз
С) бес
D) төрт
E) жеті

5. Морфологияда *атооч жөндеме* терминін қолданатын тіл:
А) гагауз
В) өзбек
С) якут
D) түрікмен
E) қырғыз

6. Түркі тілдерінің синтаксисі туралы алғашқы еңбек:

- A) «Грамматика алтайского языка»
- B) «Общая грамматика турецко-татарского языка»
- C) «Исследования по синтаксису якутского языка»
- D) «Грамматика кумыкского языка»
- E) «Краткая грамматика казак-киргизского языка»

7. В.А.Богородицкий жіктемесі бойынша түркі тілдерінің солтүстік- батыс тобына енетін тілдер:

- A) хакас, алтай
- B) түмен, тобыл
- C) шұлым, барабин,
- D) татар, башқұрт
- E) якут, тува, тофа

8. Шылаулар _____ тілінде *жандоочтар* деп аталады.

- A) қырғыз
- B) қарашай-балқар
- C) якут
- D) түркмен
- E) татар

9. «Грамматика турецкого языка» (1941) еңбегінің авторы:

- A) А.Н.Кононов
- B) Н.К.Дмитриев
- C) Б.М.Юнусалиев
- D) Э.В.Севортян
- E) А.М.Шербак

10. Алғаш рет түркі тілдерін жүйелеген батыс ғалымы –

- A) А.Ремюза
- B) Ф.Корш
- C) И.Бенцинг
- D) К.Менгес
- E) В.Радлов